



Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамтамасыз ету тағайындау мен төлеу туралы Нұсқауды бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 16 сәуірдегі N 131 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай ауданындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 сәуірде N 5-7-63 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 23 сәуірдегі N 168 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2012.04.23 N 168 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңының 16-бабына сәйкес Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамтамасыз ету тағайындау мен төлеу туралы Нұсқау бекітілсін (қосымша).

2. Бесқарағай аудандық әкімдігінің «Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамтамасыз ету тағайындау мен төлеудің Ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 24 қаңтардағы № 8 (нормативтік-құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылдың 20 ақпанда 5-7-50 нөмірмен тіркелген, «Бесқарағай тынысы» газетінің 2008 жылғы 1 наурыздағы № 9 жарияланған), «Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамтамасыз ету тағайындау мен төлеудің Ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 123 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған жағдайларға таратылады.

Аудан әкімі	Т. ЖЕКЕМБАЕВ	
Бесқарағай	аудандық	әкімдігінің
2009 жылғы	16 сәуірдегі	№ 131
қаулысына қосымша		

Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамтамасыз ету тағайындау мен төлеудің НҰСҚАУЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулар «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңының 16 бабына сәйкес әзірленді.

2. Тағайындау

2. Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандырудың тағайындалуы мүгедек баланың тұрғылықты жерінде ата-анасының біреуінің немесе оның алмастырушы тұлғаның өтініші бойынша уәкілетті органмен (аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен) жүргізіледі.

3. Өтінішке облыстық білім департаменті жанындағы Ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия беретін, мүгедек баланы үйде тәрбиелеу және оқитудың қажеттілігі туралы анықтама қоса беріледі.

4. Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық көмек өтініш берілген айдан бастап және Ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның анықтамасымен белгіленген мерзімге тағайындалады.

5. Материалдық көмектің тағайындау мен төлемінің тоқтатылуына немесе қайта жаңартылуына әкеліп соғатын жағдайлар туындаған кезде (бала өлімі, интернат-үйіне жіберу, тұрғылықты жерді ауыстыру және т.б.), көмектің тағайындалуы және төлемі тиісті жағдайлар туындаған кезден кейінгі айдан бастап тоқтатылады немесе қайта жаңартылады.

6. Материалдық көмек алушылар, көмек алу құқығына әсерін тигізетін барлық өзгерістер жөнінде тиісті органға хабарлауға міндетті.

7. Болған өзгерістер туралы мәліметтер бермеген жағдайда, алынған сомалар заңнамада белгіленген тәртіппен қайтарылады.

8. Тиісті уәкілетті орган, түскен күннен бастап материалдық көмек тағайындау жөніндегі барлық қажетті құжаттармен бірге өтінішті, 10 күн мерзімінде қарайды.

Ай сайынғы материалдық қамтамасыз ету мөлшері «2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 219-IV Заңымен, «Ең төмен күнкөріс деңгейі туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы № 474 Заңымен бекітілген ең төменгі күнкөріс мөлшерін құрайды.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2010.02.16 N 50 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 - т а р м а қ т а н қ а р а ң ы з) .

9. Тиісті уәкілетті орган, материалдық көмек тағайындалмайтын жағдайда, қабылданбаған себептері мен шағымдану тәртібі көрсетілген шешім шақырылғаннан кейін, өтініш берушіге барлық құжаттарын қайтарып береді.

10. Үәкілетті органның шешімі қолданыстағы заңнамаға сәйкес ш а ғ ы м д а н ы л у ы м ү м к і н .

11. Материалдық көмек тағайындау жөніндегі өтініш, сондай-ақ мүгедек балаларға материалдық көмек тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімі барлық қажетті құжаттармен бірге алушының жеке ісінде сақталады.

3. Төлеу

12. Материалдық көмектің төлемі өткен айға жүргізіледі.